

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

КеАҚ Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің жанындағы 8D082 Мал шаруашылығы кадрларды даярлау бағыты (6D080200 – Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы мамандығы; 8D08201 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы білім беру бағдарламасы) бойынша 2025 жылғы диссертациялық кеңес

Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілген отырыстардың саны туралы деректер.

Осы жылы 13 отырыс өткізілді, оның ішінде 6 отырыс докторанттардың диссертациялық жұмысын қорғау бойынша.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) - жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Т.А.Ә.	Мамандығы	Диссертация тақырыбы	Ғылыми жетекшілер	ЖОО (оқу орны)
1	Бекова Гулмира Салтановна	8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Геномды кеңінен қамтитын SNP-генотиптеу негізінде жабы типті қазақ жылқыларының өнімділік қасиеттерін зерттеу»	1. Шәмшідін Әлжан Смайылұлы - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмыс жөніндегі проректоры; 2. Белая Елена Валентиновна – биология ғылымдарының докторы, доцент, Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті;	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
2	Мұканова Ляззат Балғабайқызы	8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру	1. Садықұлов Тулеухан – ҚР Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы мемлекеттік	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

			арқылы алынған бірінші ұрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері»	сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. 2.Юлдашбаев Юсупжан Артыкович – Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті, «Зоотехния және биология» кафедрасының профессоры.	
3	Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Құйрықты сарыарқа тұқымы (Жаңаарқа тип) жаңа заводтық аталық із қойларының өнімдік және тұқымдық қасиеттері»	1.Адылканова Шолпан Рахимбековна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, ҚазҰАЗУ, «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының профессоры. 2. Koraу Kırıkçı – PhD, қауымдастырылған профессор, Ахи Евран университеті, Түркия.	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті
4	Спатай Нұрәділ Нұрбекұлы	8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері»	1.Буралхиев Батырхан Азимханович – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ 2.Нуралиева Улжан Ауезхановна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдасырылған профессор, «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ;	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

				3.Маннапов Альфир Габдуллович – К.А. Тимирязев атындағы Ресей мемлекеттік аграрлық университеті, МСХА, Аква мәдениеті және ара шаруашылығы кафедрасының профессоры, Ресей Федерациясының жоғары кәсіби білім беру саласының Құрметті қызметкері. б.ғ.д., профессоры.	
5	Кулбаев Рухан Мадиярович	6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері»	1. Шәмшідін Әлжан Смайылұлы – биология ғылымдарының докторы, доцент, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғылыми-зерттеу жұмыс жөніндегі проректоры. 2. Абилов Ахмедага Имаш Оғлы – Л.К. Эрнст атындағы Бүкілресейлік мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының профессоры, биология ғылымдарының докторы (Ресей, Мәскеу қаласы).	Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті
6	Орақбаева Айнұр Дюсембекқызы	8D08201 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы»	«Қылшық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы»	1.Адылканова Шолпан Рахимбековна – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. 2. Досыбаев Қайрат Жумағалиевич - PhD, аға ғылыми қызметкер Қазақ «мал шаруашылығы және жем-шөп өндірісі»	Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті

				ғылыми зерттеу институтының Молекулярлық-генетикалық сараптама зертханасының меңгерушісі. 3. Корай Кырыкчы – PhD, қауымдастырылған профессор, Ахи Евран университеті, Түркия.	
--	--	--	--	---	--

4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Бекова Гулмира Салтановнаның Геномды кеңінен қамтитын SNP-генотиптеу негізінде жабы типті қазақ жылқыларының өнімділік қасиеттерін зерттеу диссертациясын талқылауда жұмыстың ғылыми жаңалығы қазақ жылқы тұқымының жабы типінің генетикалық әртүрлілігі алғаш рет сипатталғанына негізделді. Жабы типін толық геномды SNP-генотиптеу деректері жылқылардың әртүрлі тұқымдарының халықаралық іріктемелерімен салыстырылып, өнімділік қасиеттерімен ассоциацияланған геномның кодтаушы бірізділіктері негізінде ақпараттық генетикалық маркерлер анықталды. Бұл зерттеулерді қазақ жылқы тұқымының жабы типінің геномдық әртүрлілігі туралы ақпаратты кеңейту үшін алғашқы қадам ретінде қарастыруға болады.

Диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы алынған деректер жылқыларды сақтау, басқару және өсіру мақсатында жабы типті жылқылар мен бүкіл әлемде өсірілетін жылқы тұқымдары арасындағы байланысты анықтауға көмектесетіндігіне негізделеді. Ұсынылған зерттеу нәтижелерін жүзеге асыру жабы типті қазақ жылқы тұқымының тарихын түсіндіруге, тұқымның бірегейлігін анықтауға көмектеседі, сондай-ақ тұқымның генетикалық әртүрлілігіне одан әрі мониторинг жүргізу үшін бастапқы нүкте бола алады.

Мұканова Ляззат Балғабайқызының «Қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру арқылы алынған бірінші ұрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері» тақырыбында қорғаған диссертациясын талқылауда реттеу жұмыстары Алғаш рет Алматы облысы жағдайында еділбай және гиссар құйрықты қой тұқымдарын шағылыстыру арқылы алынған будан төлдердің өнімділік және биологиялық көрсеткішіне жан-жақты толық ғылыми-зерттеу жүргізген. Еділбай қой тұқымының қошқарлары еліміздің әртүрлі өңірлерінде өсірілетін жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойлардың салмағы мен ет-май өнімділігін арттыру үшін құнды генетикалық материал ретінде пайдаланылған. Осы мақсатта соңғы 3

жылда 4900 бас «Байсерке-Агро» ОӨҒО өсірілетін еділбай қойларының асыл тұқымды қойлары Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарына сатылды, оның ішінде 2023 жылы 700 бас шет елге - Катар мемлекетіне сатылған. Еділбай тұқымының етті-майлы өнімділігін жақсарту мақсатында еділбай тұқымының аналықтарын қылшық жүнді гиссар қой тұқымының қошқарларымен ұрықтандыру арқылы алынған төлдерінің негізгі селекцияланатын шаруашылыққа пайдалы белгілерінің фенотиптік және генотиптік өзгергіштігін зерттеген.

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызының «Құйрықты сарыарқа тұқымы (Жаңаарқа тип) жаңа заводтық аталық із қойларының өнімдік және тұқымдық қасиеттері» тақырыбы Сарыарқа қой тұқымының жаңа зауыттық аталық іздерінің өнімділік қасиеттерін кешенді бағалау және диагностикасы бойынша жаңа деректер алынған. Алғаш рет әртүрлі өнімділік бағытындағы қойларда CAST гендерінің аллельдік варианттарының таралуына талдау жасалған. Ген полиморфизмінің көбею қабілетіне, өсімталдығына, ет өнімділігінің интенсивтілігіне, еттің тағамдық және биологиялық құндылығына әсері зерттелген. Зерттеу нәтижелері қойлардың өнімділік және асыл тұқымдық ерекшеліктеріне әсер ететін генетикалық факторлар жөніндегі білім қорын толықтырады және кеңейтетіндігі анықталған.

Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері» тақырыбында докторанттың диссертациялық жұмысының зерттеу нәтижесінде бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің олардың климаттық-географиялық аудандастырудың әсері өнімділігімен байланысты екендігін дәлелдеген. Алматы облысының омарта шаруашылықтарында өсірілетін ара ұяларын бал жинау өнімділігі жоғары, қысқа төзімділігі жоғары және жазықтық бал жинау аймақтарына өсіруге ұсынылатын карпат, карника тұқымды бал араларына ауыстыру арқылы сол шаруашылықтарда ара шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттырып, омарта рентабельділігін жоғарлатуға болатындығы зерттелген.

Кулбаев Рухан Мадияровичтің «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» атты тақырыптағы зерттеу жұмысын тақылау мақсатында диссертациялық зерттеу арқылы қазақ ақбас сиырының әртүрлі тұқым ішілік типтерінің биологиялық ерекшеліктері мен өнімділік көрсеткіштері туралы жаңа ғылыми деректер алынды. Олардың негізінде теориялық база толықтырылып, тұқым ішілік әртүрліліктің тетіктері мен әсер ету жолдары нақтылай түсірілді. Алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының ірі ет бағытындағы шаруашылықтарына қазақ ақбас сиырын өсіру тиімділігін арттыру бойынша практикалық ұсыныстар жасап, олардың кең ауқымда қолданылуына мүмкіндік берген.

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының «Қылшық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы» тақырыбында орындалған диссертациялық

жұмысында «Жеңіс» асыл тұқымды шаруашылығы жағдайында сарыарқа тұқымды жас малдың еттілік қасиеттерінің қалыптасуына кешенді бағалау жүргізілді. Сарыарқа қой тұқымының ДНҚ базасы құрылған. Молекулалы-генетикалық маркерлер негізінде қой тұқымдарының генетикалық әртүрлілігіне салыстырмалы талдау жасалған. Алғаш рет өнімділік бағытына қатысты SNP-полиморфизмдермен байланысын анықталып, осы көрсеткіштермен байланысты кандидаттық гендерді табылған. GWAS нәтижелері зерттелген қой тұқымында 32 хромосомалық деңгейде маңызды және шартты маңызды SNP арасында айтарлықтай байланыс бар екенін дәлелденген. Жалпы алғанда, тірі салмақ пен төрт дене көрсеткішіне байланысты жеті гендегі жеті SNP кандидат ретінде анықталған. Ген полиморфизмінің ет өнімділігінің интенсивтілігіне әсері зерттелген.

2) Диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Бекова Гулмира Салтановнаның «Геномды кеңінен қамтитын SNP-генотиптеу негізінде жабы типті қазақ жылқыларының өнімділік қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациясын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022-2024 жылдарға арналған № AP14870614 «Жабы типті қазақ жылқыларының өнімділік қасиеттерін геномын толық қамту арқылы SNP-генотиптеу негізінде генетикалық таңбалау» және 2023-2025 жылдарға арналған № AP19577616 «Отандық жылқы тұқымдарының тұқымға тән белгілерін ресеквенирлеу және транскриптомдық талдау әдісімен зерттеу» гранттық қаржыландыру ғылыми жобаларының ауқымында орындалды

Мұканова Ляззат Балғабайқызының «Қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарын (еділбай х гиссар) шағылыстыру арқылы алынған бірінші ұрпақтың өнімділік және биологиялық қасиеттері» тақырыбында қорғаған диссертациясы бастамашыл жоба аясында орындаған.

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызының «Құйрықты сарыарқа тұқымы (Жаңаарқа тип) жаңа заводтық аталық із қойларының өнімдік және тұқымдық қасиеттері» диссертациясы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының тақырыптық жоспары аясында орындалған. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 042 РББ «АӨК саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бағдарламасы: 2018-2020 жылдарға арналған мемлекеттік ғылыми-техникалық. ҚР АШМ мемлекеттік тіркеу нөмірі: 0106РКО1349 – «Мал шаруашылығы салалары бойынша селекцияның тиімді әдістерін әзірлеу», ҚР БҒМ ҒФ AP05131896 – «Құйрықты қой тұқымдарының генотипін болжау бойынша заманауи селекциялық әдістерді әзірлеу» жобалары шеңберінде жүзеге асырылған.

Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері» ғылыми - зерттеу жұмыстары 2021-2023 жылдарға арналған «Ара шаруашылығында селекциялық процесті тиімді басқару технологияларын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасы бойынша жобалары аясында орындалған.

Кулбаев Рухан Мадияровичтің «Қазақтың ақбас тұқымы ірі қарасының тұқым ішілік типтерінің шаруашылықтық маңызды белгілері мен биологиялық ерекшеліктері» атты тақырыптағы зерттеу жұмысы ҚР АШМ мемлекеттік мекемесімен жасалған 10.09.2018 жылының №22 келісім-шартына сәйкес, Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі BR06249373 «Ірі қара шаруашылығында селекция әдістерінің тиімділігін арттыру», ҚР АШМ мемлекеттік мекемесімен жасалған 01.09.2021 жылының № 18 келісім - шартына сәйкес BR10764981 «Етті мал шаруашылығындағы генетикалық ресурстарды сақтау мен жетілдірудің селекциялық процесін тиімді басқарудың технологияларын әзірлеу» жобалары аясында орындалған.

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының «Қылшық жүнді құйрықты сарыарқа қой тұқымының (тұқымаралық жаңаарқа типі) төлдерінің еттілігінің қалыптасуы» бұл жұмыс Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Зооинженерия және биотехнология» кафедрасының тақырыптық жоспары аясында орындалған және 2018-2020 жж ҚР БҒМ ҒФ АР05131896 – «Құйрықты қой тұқымдарының генотипін болжау бойынша заманауи селекциялық әдістерді әзірлеу» жобалары шеңберінде жүзеге асырылған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеу нәтижесінде Бекова Гулмира Салтановнаның «Геномды кеңінен қамтитын SNP-генотиптеу негізінде жабы типті қазақ жылқыларының өнімділік қасиеттерін зерттеу» тақырыбындағы зерттеу нәтижелері Павлодар облысындағы «Ақжар Өндіріс» ЖШС жұмысына енгізілді және қызметкерлердің теориялық және тәжірибелік қызметінде пайдаланылды.

Жүргізілетін зерттеу қазақ жылқы тұқымының жабы типінің генетикалық әлеуетін терең түсінуді кеңейтетіні әлеуметтік және экономикалық әсермен анықталады, тұқымды сақтау және селекциялау үрдісін жақсартуға мүмкіндік берген.

Жабы типті қазақ жылқы тұқымының геномында өнімділік қасиеттерімен ассоцияланатын SNP болуы туралы алынған деректер селекционерлерге нақты маркерлік бірізділіктерді берді, олар селекционерлерге ұрпақты өсіруге ақша мен ұзақ уақыт жұмсамай, шаруашылыққа пайдалы белгілердің әлеуетін бағалауға мүмкіндік беретін нақты маркерлік бірізділіктерді берді. Бұл жабы типті қазақ жылқы тұқымының шаруашылыққа пайдалы белгілері бар жылқыларды іріктеу бойынша селекциялық іс-шараларды жеделдетеді және жылқы шаруашылығын қарқынды дамытуға ықпал еткен.

Доктарант Мұканова Ляззат Балғабайқызының зерттеуі алғаш рет Алматы облысы жағдайында еділбай және гиссар құйрықты қой тұқымдарын шағылыстыру арқылы алынған будан төлдердің өнімділік және биологиялық көрсеткішіне жан-жақты толық ғылыми-зерттеу жүргізу арқылы еділбай қой тұқымының қошқарлары еліміздің әртүрлі өңірлерінде өсірілетін жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойлардың салмағы мен ет-май өнімділігін арттыру үшін құнды генетикалық материал ретінде пайдаланылған.

Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызының ғылыми зерттеу жұмысы сарыарқа қылшық жүнді құйрықты қой тұқымының жаңаарқа типі қойлары ақ және ашық сұр түсті жүнге ие, олардың үлес салмағы тұтас популяцияның 90%-ын құрайтындығын. Аталған тип өнімділік пен асыл тұқымдық қасиеттерді жетілдіру, сондай-ақ жергілікті қылшық жүнді құйрықты қойлардың жүнін ағарту мақсатында кеңінен қолданылатындығын. Осы тұрғыда Сарыарқа қойларының екі зауыттық аталық ізінің өнімділік және асыл тұқымдық қасиеттерінің өзгергіштігін зерттеу, олардың негізінде сарыарқа қой тұқымын жетілдіруге арналған ғылыми негізделген тиімді селекциялық әдістерді әзірлеу және енгізу зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын айқындаған.

Спатай Нұрәділ Нұрбекұлының «Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында өсірілетін бал араларының морфологиялық және шаруашылыққа пайдалы белгілерінің ерекшеліктері» жұмысының нәтижелері бойынша Карапт, карника ара тұқымдарының шет елдік және қазақстандық популяцияларының көрсеткіштері анықталып өндіріске отандық популяциясының тиімділігі ұсынылған. Шет елдердегі карпат, караиндық және қазақстандық популяциялық ара тұқымдарын өсірудің отандық және әлемдік тәжірибесі зерттелген. Қанаттың морфометриялық деректеріне сүйене отырып, аралардың тұқымдық арқылы ерекшеліктері көрсетілген. Аралардың тұқымдарын аудандастыру үшін Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс аймақтарындағы таулық, тау етегі және далалық, шөл далалық аймақтарының табиғи-климаттық жағдайына байланысты бал ара тұқымдарының тұқымдылық өнімділік айырмашылықтары белгіленген.

Кулбаев Рухан Мадияровичтің диссертациясының нәтижесінде әртүрлі тұқым ішілік типтердегі бұқашықтардың өсу динамикасы және дене бітімі ерекшеліктері бұл қағида екінші және үшінші міндеттерге негіздеп, “бұқашықтардың өсу-даму қарқынын зерттеп, оларға баға беру” және “дене бітімі өлшемдерін салыстырған”. Өсу динамикасы мен дене бітімі – өнімділік пен экономикалық тиімділіктің бастапқы көрсеткіштері, сондықтан оларды қағидат ретінде бөлу тиімді типтерді таңдау жолы айқындалған. Әртүрлі тұқым ішілік типтердегі бұқашықтардың кейбір физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштері тығыз байланыста екендігі бұқашықтардың физиологиялық және гематологиялық көрсеткіштерін зерттеген. Физиология мен қан көрсеткіштері малдың денсаулығы мен адаптациялық қабілетінің объективті көрсеткіші, яғни тұқымдық пен өнімділіктің толық көрініс беретіндігі дәлелденген. Әртүрлі тұқым ішілік типтердегі бұқашықтардың ет өнімділігі және оның сапасы, бұқашықтардың ет өнімділігі анықталған. Ет

шығымы мен оның сапасы – шаруашылықтағы негізгі экономикалық көрсеткіші ретінде зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығын айқындаған.

Орақбаева Айнұр Дюсембекқызының диссертациясының нәтижесінде Жаңаарқа типті Сарыарқа қой тұқымының генетикалық әлеуетін жетілдіру бойынша селекцияның тиімді әдістерін әзірлеп, теориялық негіздеу және қолданылған. Шаруашылық үшін маңызды селекцияланатын белгілердің фенотиптік және генотиптік өзгергіштігі мен өзара байланысы анықталған. "Жеңіс" асыл тұқымды қой зауытының қазіргі мал басының сипаттамасы, Жаңаарқа типті Сарыарқа қой тұқымын өсірудің бағыттары мен перспективалары жетілдірілген. Жаңаарқа типті Сарыарқа қой тұқымын төлдерінің еттілігінің қалыптасуы зерттелген. Гендерінің полиморфизмі әртүрлі генотиптерді анықтауға мүмкіндік беруі, әсіресе ет өнімділігінде әсері анықталған.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып.

Диссертациялық Кеңестің отырыстарында қорғалатын диссертациялық жұмыс бойынша ресми рецензенттер қаралды және бекітілді. Ресми рецензенттер докторлық зерттеу тақырыбы бойынша жарияланымдары бар, тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі мен атақтары бар ғылыми ұйымдардың жетекші ғалымдарын тағайындалды. Диссертацияны және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлер ұсынды, онда олар таңдалған тақырыптың өзектілігін, ғылым үшін маңыздылығын, Тәуелсіздік принципін, ішкі бірлік принципін, ғылыми жаңашылдық принципін, пайдаланылған дереккөздер мен ұсынылатын ақпараттың сенімділік принципін, практикалық құндылық принциптеріне сәйкестігін бағалады, соның негізінде марапаттау мүмкіндігі туралы қорытынды берді мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежелері. Тартылған ресми рецензенттердің жұмысы және олардың пікірлері қойылған талаптарға сәйкес келді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

- диссертацияларды қорғауға жіберетін кафедралар диссертацияға ұсынылғанға дейін докторлық жұмыстың сапасына және құжаттарға ерекше назар аударуы керек, сондай-ақ диссертациялық кеңеске PhD дәрежесін алу үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстардың сапасы үшін ғылыми кеңесшілердің жауапкершілігін күшейтуі керек. Бұл рәсім қорғалатын диссертациялардың ғылыми деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – 6 жұмыс қабылданды (2-жұмыс сырттан).

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық
кеңестің төрағасы



Омбаев А.М.

Диссертациялық
кеңестің ғалым хатшысы



Исхан К.Ж.



« 05 » 01 20 26 ЖЫЛ